

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Аңдатпа.** Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту дағдыларын, педагог тәрбиешінің инновациялық белсенділігі мен практиктердің сапасының артуы. Қазіргі таңда білім беру процесінің барлық компоненттері мен дағдыларын жаңғыртуда тәрбиешілерге қойылатын кәсіби талаптардың деңгейін психологиялық маңыздылығын анықтау. Психологиялық практикумда жобалауда мектеп жасына дейінгі балалардың сенімділіктерін арттырып, өз өнімін ұсынуға кеңінен мүмкіндік беруі. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жобалап оқыту іс-әрекеті әртүрлі білім салаларын қамтуы. Жобалап оқыту үшін таңдалған тақырып немесе мәселе бойынша белгілі бір тапсырмаларды орындауда психологиялық мүмкіндіктері. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында жобалап оқытудың негізгі ерекшеліктері. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолданылатын жобалардың түрлері. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын анықтауда ұжымдық жұмысты орындауы бағаланды. Сыни ойлауда кездескез проблеманы шешуі талқыланды, проблеманы шеше алатын деңгейі қарастырылды.*

***Тірек сөздер:** Мектепке дейінгі, педагог-тәрбиеші, жобалап оқыту, психологиялық практикум, интеграция.*

Кіріспе: Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жобалық іс-әрекет балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған заманауи білім беру процесінің маңызды элементінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту дағдылары мен субективтілігін қолдауда бағытталған дамытушы ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде мектепке дейінгі білім беруде зерттеушілік іс-әрекеттер мен шығармашылық дағдыларын дамытуға бағыттаған [1].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жобалап оқыту іс-әрекеті тек білім беру міндеттеріне ғана емес, сонымен бірге баланың ынтымақтастық, тәуелсіздік және жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тәрбиелік аспектілерге де бағытталғанын атап өткен жөн. Мектеп дейінгі білім беруде жобалап оқыту практикумын жүзеге асырудың маңызы балалардың іс-әрекетін қалыптастыруда психологиялық практикумның маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашыл ойлауымен қатар қабілеттерінің дамуында және сыни тұрғыдан қалыптастыру болып табылады.

Психологиялық практикумда жобалауда мектеп жасына дейінгі балалардың сенімділіктерін арттырып, өз өнімін ұсынуға кеңінен мүмкіндік береді. Жобаны орындау барысында балалардың даралықтары мен ерекшеліктеріне негізделеді. Мектеп жасындағы балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін жобалауды және зерттеуді, эмоционалды әлеуметтік дамуын қалыптастыру және дамытуды жүзеге асыру. Қазіргі таңда білім беру процесінің барлық компоненттері мен дағдыларын жаңғыртуда тәрбиешілерге қойылатын кәсіби талаптардың деңгейін көтеруде. Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңашыл педагог-тәрбиеші, зерттеуші педагог сұранысқа ие, сондықтан педагог-тәрбиеші инновациялық белсенділігі мен психологиялық практиктердің сапасы кең ауқымы сұранысқа ие болуда. Мектепке дейінгі білім беруде жобалап оқыту іс-әрекеті тәрбиешілердің жетекшілігімен балалардың белсенділігі, мақсатты және ұйымдастырылған іс-әрекетіне негізделген оқыту және тәрбиелеу әдісінің бір түрінде [2].

Танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдылары дамытуда ізденіс іздеу іс-әрекетін, жаңа педагогикалық тәжірибе құруды қамтиды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жобалап оқыту іс әрекеті әртүрлі білім салалары қамтуы мүмкін олар экология, өнер, ғылым, әлеуметтік немесе мәдени аспектілері.

Мектеп жасындағы балаларына жобалау жұмыстарында мотивация беру арқылы қызығушылықтарын арттыру мен әр бала өзінің жасаған жобаларына эмоционалды қуаныштарымен мақтан тұтуында.

Жобалап оқыту біздің балабақшаның білім беру процесінде қолданылатын жаңа іс-әрекет түрлерінің

бірі. Балалардың шығармашылық жұмыстарын қарқынды дамытуда жеке тұлғалық дамуына негіз болады және ұжымдық болып бірлесе жобаны жүзеге асыруында бір -бірімен қарым-қатынас жасау барысында пікір алмасулары, бірлесіп мәселені талқылауында. Жобалап оқыту негізінде балалардың, тәрбиешілердің, ата-аналардың танымдық дағдыларын дамыту, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, нақты нәтижемен аяқталуы керек таным процесін ұйымдастыру мүмкіндігі жатыр. Бұл нәтижені көруге, түсінуге, нақты, практикалық өмірде қолдануға болады. Жобалап оқыту үшін таңдалған тақырып немесе мәселе бойынша белгілі бір тапсырмаларды орындауды, содан кейін нәтижені шешуді және талқылауды қамтиды.

Жобалап оқыту дәстүрлі оқытудан айырмашылығы, жобалық іс-әрекеттер балалардың өзіндік жұмысына негізделеді, бұл олардың шығармашылық ойлауын, командада жұмыс істеу қабілетін, сондай-ақ тәуелсіздік пен бастамашылықты дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жобалап оқыту 20-шы жылдары пайда бола бастаған, өткен ғасырда АҚШ-та ол проблемалық әдіс деп те аталды және американдық философ және ағартушы Дж.Дьюи, мен оның шәкірті В.Х.Килпатрик әдістің негізінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белгілі бір іс жүзінде немесе теориялық маңызды мәселені шешу кезінде алынған нәтижеге бағыттауда сыртқы нәтижені көруге, түсінуге, нақты практикалық іс-әрекетте қолдануға болатынын анықтаған [3]. Ішкі нәтиже іс-әрекет тәжірибесі білім мен дағдыларды, құзыреттіліктер мен құндылықтарды біріктіре отырып, балаларға баға жетпес игілігіне айналады. Алайда, оқыту практикасында В.Х.Килпатриктің

«жобалар әдісі» (1918) атты әйгілі мақаласы шыққанға дейін қолданыла бастады.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде жобалап оқыту әдісі 1905 жылдан бастап белгілі болды, С.Т.Шацкийдің басшылығымен ресейлік мұғалімдер тобы оны білім беру практикасына енгізді. Ресей мектептеріндегі жобалап оқытуды дамыту үшін В.Н.Шульгин, М.В.Крупенина, Б.В.Игнатьев және т.б. сияқты мұғалімдердің есімдерімен байланысты. Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының мұғалімдері жобалап оқытуды оқу іс-әрекетіне, оқуға деген қызығушылықты дамытуға, оқушыларды шығармашылық ізденіске, тәуелсіз зерттеуге, қайта құруға ынталандырады, бастамашылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеуге, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын дамытуды көздеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жобалап оқыту іс-әрекетін қолданудың басталуы деп атауға болады. Мұны көптеген шетелдік педагогтар мен психологтар (А.И.Савенков, А.Данюкова, С.Н.Николаева, Н.А.Рыжова, Б.В.Хозиев және Е.Евдокимова және т.б.) жүргізген зерттеулері дәлелдейді. Жобалап оқыту іс-әрекеті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жаңа бағыты болып табылады.

А.И.Савенковтың еңбектерінде қазіргі уақытта кіші мектеп жасындағы балалар мен мектепалды даярлық жасына дейінгі балалардың бірлесе орындаған жобаларын негізге алған [4, б 10-18].

А.Данюкованың жетекшілігімен мектепалды даярлық тобындағы балалар ғылыми жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс тәжірибесі сипатталған.

С.Н.Николаева мен Н.А.Рыжова мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық жобаларды жасағанын келтірген.

Б.В.Хозиевтың зерттеуінде жоба мектепалды даярлық жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларының өнімді іс-әрекетінің бір түрі ретінде қарастырған.

Е.Евдокимова Жобалау іс-әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың танымын ұйымдастыру нысаны ретінде қолданады.

Қазіргі ақпараттық қоғамда жобалап оқыту әдісі әсіресе өзекті болып отыр. Соңғы жылдары білім беруде оқытуды ұйымдастырудың осы түріне қызығушылық артуда [5, б 45]. Көптеген білім беру жүйелерін өзіне тартатын жобалап оқыту әдісін заманауи түсінудің негізгі тезисі балалардың алған білімі не үшін қажет екенін, оларды өз өмірінде қайда және қалай қолданатынын түсіну. Оларды өз өмірінде қайда және қалай қолданатынын түсіну. Өз жұмысының мәні мен мақсатын түсіну қажеттілігі ғана емес, сонымен қатар кәсіби мақсаттар мен міндеттерді өз бетінше қою, оларды жүзеге асыру жолдарын ойластыру жобаның мазмұнына кіреді. Бүгінгі таңда жобалап оқыту әдісі мектепке дейінгі білім беру саласында кеңінен қолданылады. Педагог-тәрбиешілер өз іс-әрекетін жобалап қана қоймай, сонымен қатар балалар мен олардың ата-аналары әртүрлі тақырыптар бойынша қызықты жобалар әзірлей алады.

Е.С.Полаттың пікірі бойынша бұл проблеманы дамыту арқылы дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі технология, ол нақты, практикалық нәтижемен аяқталуы керек деген ой білдірген [6, б 9-17]. Жобалап оқыту әдісінің негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларға әртүрлі пәндік интеграциялық салалардан білімді біріктіруді қажет ететін практикалық мәселелерді шешуде өз бетінше білім алуға мүмкіндік беру. Жобалап оқыту әдісі педагогикалық технология ретінде

зерттеу, іздеу, проблемалық әдістердің жиынтығы, мәні бойынша шығармашылық, яғни, оның негізінде балалардың танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өз бетінше құру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту. Жобалап оқыту әдісін қолдана білу педагог-тәрбиешілердің жоғары біліктілігі, балаларды оқыту мен дамытудың прогрессивті әдістемесінің көрсеткіші.

Жобалап оқыту зерттеу жұмыстары, шығармашылық тапсырмалар, ойындар немесе ұжымдық іс-шаралармен байланысты. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі балаларға жобаны жоспарлау, зерттеу және іске асыру процесіне қатысу мүмкіндігі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында жобалап оқытудың негізгі ерекшеліктері:

Балалардың белсенді қатысуы. Жобаны орындау іс-әрекеттерінде тақырыпты таңдаудан бастап нәтижелерді ұсынуға дейін баланы процеске барынша тартуға бағытталған. Балалар пассивті тыңдаушыға емес, оқытудың белсенді қатысушыларына айналады [7, 108].

Практикалық бағыт. Әрбір жоба нақты нәтижеге қол жеткізуді білдіреді — қолөнер жасау, эксперимент жүргізу, театр қойылымына немесе зерттеу жұмысына қатысу.

Тәуелсіздік және жауапкершілік. Жоба бойынша жұмыс барысында балалар өз іс-әрекеттерін жоспарлауды, туындаған мәселелерді шешуді және олардың шешімдері мен нәтижелеріне жауап беруді үйренеді. Мұндағы тәрбиеші балалардың бастамаларын басшылыққа алатын және қолдайтын тәлімгер ретінде әрекет етеді.

Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Жобада балалар бір-бірімен

қарым-қатынас жасауды, келіссөздер жүргізуді, міндеттерді бөлісуді және мақсаттарға бірге қол жеткізуді, ұжымдық топта жұмыс істеуді білдіреді. Бұл олардың қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Білімнің әртүрлі салаларын біріктіру. Жобалық іс-әрекет барысында балалар әр түрлі білім беру салаларынан (математика, оқу, сурет салу, қоршаған әлем) білімді бір жобада қолдануға мүмкіндік алады. Бұл әлемді біртұтас және өзара байланысты қабылдауды тудырады.

Зерттеу нәтижелері. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының

тәжірибесінде қолданылатын жобалардың түрлері:

Шартты түрде жобалап оқыту іс-әрекетінің барлық түрлерін үш топқа бөлуге болады:

- мақсатты орнату бойынша,
- жобаға қатысушылардың саны бойынша,
- іске асыру мерзімдері бойынша.

Мақсатты орнату бойынша:

-зерттеушілік және шығармашылық: мектеп жасындағы балалар тәжірибе жасайды, содан кейін нәтижелер газет, драматизация, балалар дизайн түрінде жасалады;

Мысалы «Табиғат – біздің үй» жобасы аясында жасалатын жұмыстар

Мақсаты: Жер планетасына, өз Отанына деген экологиялық сана мен құрмет сезімін қалыптастыру, табиғатпен шығармашылықпен өзара әрекеттесуге, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғатқа экологиялық саналы көзқарасты тәрбиелеуге деген ұмтылысты тудыру.

Мазмұны: жоба бойынша іс-әрекеттер балаларды «Жер күні» мерекесіне дайындау кезінде жүргізілді

Дайындық кезеңі:

- Балаларға «Жер күн» әңгімесін айту;

- Ата-аналарға арналған «жоба бойынша іс-әрекеттер» папкасын безендіру;

- Экологиялық тәрбие туралы кітаптарды таңдау және көрме жасау балаларға таныстыру.

Зерттеу және шығармашылық кезең:

- Табиғатты қорғау тақырыптары бойынша экология сабақтары:

Егер жер планетасы кенеттен сөйлесе, не айта алар еді?»;

Орман алқабының құпиясы.

- Орманға экскурсиялар;

- Табиғат бұрышындағы және балабақша ауласындағы еңбек;

- Көркем әдебиет;

- Рөлдік ойындардың мазмұны да экологиялық сипатта болады;

«Су асты патшалығына саяхат»;
Ата-аналар балалардың зерттеу және шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға қосылады, өйткені бір бала бұл іс-әрекеттерді орындай алмайды. Жоба тақырыбы бойынша тәрбиешілер балаларға тапсырмаларды ұсынады (орман алқабының макетін, сирек кездесетін өсімдіктердің суреттері бар альбом, жануарларды қорғайтын плакат,

жабайы гүлдер гербарийді, жергілікті қыстайтын құстардың фотосуреттері және т.б.).

Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Балалар ата-аналарымен бірге тапсырманы өз қалауы бойынша тандайды. Тапсырмаларды таратпас бұрын, тәрбиеші оларды мұқият ұйымдастыруы керек. Балалардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеру арқылы тым көп тапсырманы бермеуі және балалар қызығушылықпен тапсырманы орындалуы маңызды, ал қажет болған жағдайда тәрбиешілер әрқашан анықтамалық, практикалық материал бере алады немесе оны қайдан табуға болатынын ұсына алады.

Жобаның соңғы кезеңі: жобаны қорғау әрқашан ең әсерлі, балабақшада «*Табиғат – біздің үйі*» Қорғауға қонақтар, ата-аналар, балалар шақырылды.

Талдаудың нәтижесінде жобалау жұмысын орындау барысында шығармашылық, элеуметтік-эмоционалдық дағдыларын бағалау. Мектеп жасына дейінгі балалар жобаны жасау барысында кездескен кедергілерден шығу жолында психологиялық даму көрсеткіштерін анықтауы 1-суретте берілген.



Сурет 1.

Жобалап оқытуда психологиялық практикумның талдануы

Балалардың шығармашылық деңгейін анықтауда балаардың жас ерекшеліктері мен қабілеттері ескеріле отырып жұмыстың сапасына бағалау жүргізілді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын анықтауда ұжымыдық жұмысты орындауы бағаланды.

Сыни ойлауда кездескез проблеманы шешуі талқыланды, проблеманы шеше алатын деңгейі қарастырылды.

Дәл осы сәтте эмоционалды қарқындылықтың ең жоғары нәтижесі жобаның әлеуметтік маңыздылығы.

Қорытынды. Жобалау іс-әрекетін ұйымдастыруда қызықты және танымдық тақырыптарды таңдауды,

нақты жоспарлауды және балаларды да, ата-аналарды да белсенді тартуды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Бұл процестегі тәрбиеші тек тәлімгер ретінде ғана емес, балаларды зерттеу және шығармашылық жұмыстарына бағыттайтын және қолдайтын серіктес ретінде де әрекет етеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында жобалық іс-әрекетті дамыту білім беру процесін нығайтуға ықпал етеді, оны әр түрлі және қазіргі балалардың қажеттіліктеріне бейімдейді. Заманауи технологияларды енгізу, педагогтардың біліктілігін арттыру және ата — аналардың белсенді қатысуы-осының бәрі оқытудың тиімді жүйесін құруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электронды ресурс] Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> Қаралған күні: 15.03.25
2. Әбілқасымова, А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру [Мәтін] / А.Е. Әбілқасымова. – Алматы: Білім, 1994. – 192 б.
3. Дьюи, Дж. Психология и педагогика мышления [Текст] / Дж.Дьюи. – М., 1997. – 208 с.
4. Савенков, А. Вопросы теории и методики: учебное исследование в детском саду [Текст] / А.Савенков, Л.А. Венгер // Дошкольное воспитание. – 2000. – №2. – С. 10-18.
5. Монахова, Л.Ю. Теоретические аспекты технологии проектирования индивидуальных образовательных программ [Текст] / Л.Ю. Монахова // Наука и школа. – 2000. – №1. – С. 45–52.
6. Полат, Е.С. Метод проектов: типология и структура [Текст] / Е.С. Полат // Лицейское и гимназическое образование. – 2002. – №9. – С. 9-17.
7. Mamytbayeva, Zh. Fondements pour Façonner la Culture de Researches des Futurs enseignants-formateurs des Établissements d'enseignement superieur / Bordan. - 2024, No. 76 (1), p. 99–117. DOI: 10.13042/Bordon.2024.97666

Ж.А.Мамытбаева

*Южно-Казахстанского педагогического университета имени Ө. Жәнібекова. г. Шымкент,
Казахстан*

ЗНАЧЕНИЕ РЕАЛИЗАЦИИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПРАКТИКУМА ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. Повышение навыков воспитания и обучения детей дошкольного возраста, инновационной активности педагога-воспитателя и качества практикующих. Выявить психологическую значимость уровня профессиональных требований к воспитателям в модернизации всех компонентов и навыков образовательного процесса в

настоящее время. В психологическом практикуме, чтобы повысить уверенность дошкольников в проектировании и дать им широкую возможность представить свою продукцию. Проектно-учебная деятельность в дошкольных образовательных организациях включает в себя различные области знаний. Психологические возможности при выполнении определенных заданий по выбранной теме или проблеме для проектного обучения. Основные особенности проектного обучения в дошкольной образовательной организации. Виды проектов, применяемых в практике дошкольных образовательных организаций. Оценивалось выполнение коллективной работы по выявлению социально-эмоциональных навыков. В критическом мышлении обсуждалось решение возникшей проблемы, рассматривался уровень возможности решения проблемы.

Ключевые слова: дошкольное, педагог-воспитатель, проектное обучение, психологический практикум, интеграция.

Zh.Mamytbayeva - Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF THE IMPLEMENTATION OF THE PSYCHOLOGICAL PRACTICE OF PROJECT-BASED LEARNING IN PRESCHOOL EDUCATION

Abstract. Improving the skills of raising and educating preschool children, the innovative activity of the educator and the quality of practitioners. To identify the psychological significance of the level of professional requirements for educators in modernizing all components and skills of the educational process at the present time. In a psychological workshop to increase preschoolers' confidence in designing and give them a wide opportunity to present their products. Design and educational activities in pre-school educational organizations include various fields of knowledge. Psychological opportunities when performing certain tasks on a chosen topic or problem for project-based learning. The main features of project-based learning in a preschool educational organization. Types of projects used in the practice of preschool educational organizations. The performance of collective work on the identification of socio-emotional skills was evaluated. In critical thinking, the solution to the problem was discussed, the level of possibility of solving the problem was considered.

Keywords: preschool, teacher-educator, project-based learning, psychological practice, integration.

References

1. Mektepke dejingi tərbiye men okytudyn memlekettik zhalpyra mindetti standarty [State mandatory standard of preschool education and training] [electronic resource] access mode: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> review date: 15.03.25
2. Abylkasymova, A.E. Studentterdiń tanymdyq izdenimpazdyǵyn qalyptastyru [Formation of cognitive curiosity of students] [text] / A. E. Abylkasymova. - Almaty: Bilim, 1994. - 192 P.
3. Dewey, J. Psihologiya i pedagogika myshleniya [Psychology and pedagogy of thinking] [Text] / J.Dewey. - M., 1997. - 208 p.
4. Savenkov, A. Voprosy teorii i metodiki: uchebnoe issledovanie v detskom sadu [Questions of theory and methodology: educational research in kindergarten] [Text] / A.Savenkov, L.A. Wenger // Preschool education. - 2000. - №2. - Pp. 10-18.

5. Monakhova, L.Y. Teoreticheskie aspekty tekhnologii proektirovaniya individual'nyh obrazovatel'nyh program [Theoretical aspects of the technology of designing individual educational programs] [Text] / L.Y. Monakhova // Science and school. – 2000. – No. 1. – pp.45-52.
6. Polat, E.S. Metod proektov: tipologiya i struktura [Project method: typology and structure] [Text] / E.S. Polat // Lyceum and gymnasium education. - 2002. – No. 9. – pp. 9-17.
7. Mamytbayeva, Z. Fondements pour Fauconner la Culture de Researches des Futurs enseignants-formateurs des Établissements d'enseignement superieur / Bordan. - 2024, No. 76 (1), p. 99-117. DOI: 10.13042/Bordon.2024.97666

18.03.25 ж. баспаға түсті.

19.03.25. ж. түзетулермен түсті.

22.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Мамытбаева, Ж.А. Мектепке дейінгі білім беруде жобалап оқытудың психологиялық практикумын жүзеге асырудың маңызы [Мәтін] / Ж.А. Мамытбаева // Dulary University Хабаршысы. – 2025. - №1. – Б.198-205 <https://doi.org/10.55956/ASYK2421>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).